

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық
емес акционерлік қоғамы

Ө.А. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

Маркшейдерлік іс және геодезия кафедрасы

Кенжеғұлова Амина Ермекқызы

GIS көмегімен ЖЖСМ құру үшін табиғи құбылыстар мен процестерді зерттеу

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

7М07306 – Геокеңістіктік цифрлық инженерия

Алматы 2026

·Алматы 2026

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Ө.А Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

Маркшейдерлік іс және геодезия кафедрасы

7М07306 - «Геокеңістіктік цифрлық инженерия»

БЕКІТЕМІН

«Маркшейдерлік іс және
геодезия»
кафедрасының меңгерушісі
Т.ғ.к., қауым. проф.

Мейрамбек Г.
2026
ж.

**Магистрлік диссертацияны орындауға арналған
ТАПСЫРМА**

Магистрант: Кенжегүлова Амина Ермекқызы

Тақырыбы: «GIS көмегімен ЖЖСМ құру үшін табиғи құбылыстар мен процестерді зерттеу»

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор 28.03.2024 жылы №133 -П/Ө бұйрығымен бекітілген
Аяқталған диссертацияны тапсыру мерзімі: « 06 » қаңтар 2026 ж.

Магистрлік диссертацияның бастапқы деректері: Негізгі дерек көзі ретінде SRTM спутниктік биіктік деректері пайдаланылып, олардың негізінде ЖЖСМ жасалды.

Магистрлік диссертацияда қарастырылатын сұрақтар тізімі:

а) Зерттеу аумағындағы су тасқыны қаупіне ұшыраған аймақтардың кеңістіктік және уақыттық өзгерістерін бағалау;

б) Су тасқыны қаупі бар аумақтарды төменгі жазық және ойпаң учаскелерде тиімді басқару шараларының тиімділігін бағалау, су ресурстарын тұрақты пайдалану мүмкіндігін анықтау;

в) Су тасқыны қаупінен қорғалған аумақтарды тұрақты түрде пайдалану, гидрологиялық жағдайларды жақсарту және ауыл шаруашылығы немесе басқа мақсатта тиімді қайта пайдалану мүмкіндіктерін зерттеу.

Графикалық материалдар тізімі (міндетті сызбаларды дәл көрсете отырып): жұмыс презентациясы 19 слайдтарда көрсетілген.

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер:

1 Kenzhegulova A., Baigurin Zh. Analysis and modeling of natural processes of agricultural lands using geographic information systems and artificial intelligence technologies, VOL 1, No 107, (2025).

2 United Nations Convention to Combat Desertification (UNCCD). Global Land Outlook, 2nd edition, 2022.

3 United Nations Convention to Combat Desertification (UNCCD). Global Land Outlook, 2nd edition, 2022.



4 Wang, X., et al. (2019). "Combating desertification in China: achievements and future challenges." Land Degradation & Development.

Магистрлік диссертацияны дайындау


КЕСТЕСІ

Бөлім атауы, қарастырылған мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге ұсыну мерзімі	Ескерту
Табиғи құбылыстар мен процестерді зерттеудің теориялық негіздері	22.09.2025ж	-
Табиғи процестерді GIS және қашықтықтан зондтау әдістері арқылы зерттеу	27.10.2025ж	-
Жайық өзені алабында GIS негізінде су тасқыны қаупін бағалау	03.12.2025ж	-


Аяқталған магистрлік диссертация үшін, оған қатысты бөлімдердің жұмыстарын көрсетумен, кеңесшілер мен норма бақылаушының қойған қолдары

Бөлімдердің атаулары	Консультанттар, аты-жөні (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Табиғи құбылыстар мен процестерді зерттеудің теориялық негіздері	Байгурин Ж.Д. т.ғ.д., профессор	22.09.2025	
Табиғи процестерді GIS және қашықтықтан зондтау әдістері арқылы зерттеу	Байгурин Ж.Д. т.ғ.д., профессор	27.10.2025	
Жайық өзені алабында GIS негізінде су тасқыны қаупін бағалау	Байгурин Ж.Д. т.ғ.д., профессор	03.12.2025	
Норма бақылаушы	Киргизбаева Д.М. т.ғ.к., қауымдастырылған профессор	06.01. 2026ж	

Ғылыми жетекшісі

 Байгурин Ж.Д.

Білім алушы тапсырманы орындауға алған

 Кенжеғұлова А.Е.

Күні

«__» _____ 20 ж.

АНДАТПА

Бұл диссертациялық жұмыс GIS технологияларын қолдану арқылы табиғи құбылыстар мен процестерді зерттеуге, сондай-ақ су тасқыны қаупін бағалау үшін ЖЖСМ құруға бағытталды. Зерттеу Батыс Қазақстан аумағында Жайық өзені бойында орналасқан аудандарды қамтыды. Негізгі дерек көзі ретінде SRTM спутниктік биіктік деректері пайдаланылып, олардың негізінде ЖЖСМ жасалды.

Су тасқынына дейінгі, су тасқыны барысындағы және су тасқынынан кейінгі кезеңдер үшін NDWI және MNDWI су индекстері есептеліп, су басқан аумақтардың кеңістіктік динамикасы анықталды. DEM негізінде Flow Direction және Flow Accumulation гидрологиялық модельдеу әдістері қолданылып, судың ағу бағыты мен жинақталу аймақтары белгіленді. Жүргізілген кеңістіктік талдау нәтижесінде су тасқыны қаупі жоғары аумақтар айқындалып, қауіпті аймақтардың картасы жасалды.

Зерттеу нәтижелері табиғи процестерді кеңістікте дәл бейнелеуге, су тасқынының таралу заңдылықтарын анықтауға және тәуекел деңгейін бағалауға мүмкіндік берді. Бұл жұмыс су тасқыны қаупін төмендету, аумақтарды жоспарлау және төтенше жағдайлардың алдын алу шараларын ғылыми негізде әзірлеу үшін маңызды практикалық мәнге ие.

АННОТАЦИЯ

Данная диссертационная работа направлена на изучение природных явлений и процессов с использованием GIS-технологий, а также на построение цифровой модели местности (ЦММ) для оценки риска наводнений. Объектом исследования стали районы, расположенные вдоль реки Жайык на территории Западного Казахстана. В качестве исходных данных использовались спутниковые высотные данные SRTM, на основе которых была создана ЦММ.

Для периодов до наводнения, во время и после него были рассчитаны водные индексы NDWI и MNDWI, что позволило выявить и картографировать затопленные территории. На основе DEM были выполнены гидрологические анализы Flow Direction и Flow Accumulation, определяющие направление и аккумуляцию поверхностного стока. В результате пространственного анализа была разработана карта зон наводнения и выделены территории с повышенной степенью опасности.

Полученные результаты демонстрируют возможности GIS и дистанционного зондирования при анализе природных процессов и оценке рисков чрезвычайных ситуаций. Работа имеет практическое значение для прогнозирования наводнений, территориального планирования и разработки мер по снижению последствий паводков.

ANNOTATION

This dissertation research was aimed at studying natural phenomena and processes using GIS technologies, as well as constructing a Digital Elevation Model (DEM) to assess flood hazards. The study area covered districts located along the Ural (Zhayik) River in Western Kazakhstan. SRTM satellite elevation data were used as the primary data source for generating the digital terrain model.

NDWI and MNDWI water indices were calculated for pre-flood, flood, and post-flood periods to identify and map inundated areas and their spatial dynamics. Based on the DEM, hydrological analyses including Flow Direction and Flow Accumulation were performed to determine surface water flow paths and accumulation zones. The findings demonstrate the effectiveness of GIS and remote sensing methods in analyzing natural processes and assessing flood risks. The study provides a scientific basis for flood risk management, land-use planning, and the development of preventive measures to mitigate the impacts of flood events.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	7
1 Табиғи құбылыстар мен процестерді зерттеудің теориялық негіздері	9
1.1 Табиғи құбылыстар мен процестердің географиялық мәні	9
1.2 Су тасқынының қалыптасу факторлары және оның аумақтық ерекшеліктері	12
1.3 Су тасқынының экологиялық және әлеуметтік-экономикалық салдары	15
2 Табиғи процестерді GIS және қашықтықтан зондтау әдістері арқылы зерттеу	20
2.1 Геоакпараттық жүйелердің табиғи процестерді зерттеудегі рөлі	20
2.2 Су тасқынын зерттеуде қашықтықтан зондтау деректері мен су индекстері	25
2.3 Жергілікті жердің сандық моделі: түрлері және оларды құру әдістері	31
3 Жайық өзені алабында GIS негізінде су тасқыны қаупін бағалау	35
3.1 Зерттеу аумағының сипаттамасы және бастапқы деректер	35
3.2 NDWI және MNDWI негізінде су басқан аумақтарды анықтау және ЖЖСМ негізінде гидрологиялық модельдеу	40
3.3 Өзен суы тасу ағынын анықтау және қауіпті аймақ картасын жасау	45
Қорытынды	52
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	53

КІРІСПЕ

Зерттелетін тақырыптың өзектілігі. Қазіргі кезеңде климаттың өзгеруі, табиғи процестердің қарқындылығының артуы және антропогендік ықпалдың күшеюі нәтижесінде қауіпті табиғи құбылыстардың, соның ішінде су тасқынының жиілігі мен ауқымы артып отыр. Су тасқыны – елді мекендерге, ауыл шаруашылығы алқаптарына, инфрақұрылым нысандарына елеулі зиян келтіретін табиғи қауіп-қатердің бірі. Әсіресе өзен аңғарларында орналасқан аумақтарда жер бедерінің ерекшеліктері мен су ағысының динамикасы тасқын қаупінің қалыптасуында шешуші рөл атқарады. Осыған байланысты су тасқыны қаупін алдын ала бағалау, қауіпті аймақтарды дәл анықтау және табиғи процестерді кеңістікте зерттеу өзекті ғылыми және практикалық мәселе болып табылады.

Қазақстан Республикасы үшін бұл мәселе ерекше маңызға ие, себебі ел аумағында ірі өзен жүйелері мен кең жазық аймақтар орналасқан. Соңғы жылдары Жайық, Ертіс, Сырдария өзендері алаптарында су тасқыны жағдайлары жиілеп, әлеуметтік-экономикалық шығындардың артуына себеп болып отыр. Су тасқынының таралуын және қауіпті аймақтарын дәл анықтау үшін заманауи геоакпараттық жүйелер мен қашықтықтан зондтау деректерін қолдану қажеттілігі артып келеді. Осы тұрғыда жер бедерінің цифрлық моделін (ЖЖСМ) құру және оны гидрологиялық талдаумен ұштастыру табиғи процестерді зерттеудің тиімді ғылыми құралы болып саналады.

Жұмыстың мақсаты. GIS технологияларын қолдану арқылы табиғи құбылыстар мен процестерді зерттеу, SRTM деректері негізінде жер бедерінің цифрлық моделін (ЖЖСМ) құру және Жайық өзені алабы мысалында су тасқыны қаупін бағалау. Сонымен қатар, су тасқынына дейінгі, барысындағы және кейінгі кезеңдердегі су басқан аумақтарды NDWI және MNDWI индекстері арқылы анықтап, қауіпті аймақтардың картасын жасау көзделеді.

Жұмыстың негізгі міндеттері:

- Табиғи құбылыстар мен процестердің, соның ішінде су тасқынының қалыптасу заңдылықтарын ғылыми тұрғыда талдау;
- Жергілікті жердің сандық моделін құрудың теориялық негіздері мен әдістерін қарастыру;
- Қашықтықтан зондтау деректері негізінде NDWI және MNDWI су индекстерін есептеу арқылы су басқан аумақтарды анықтау;
- DEM негізінде Flow Direction және Flow Accumulation әдістерін қолдана отырып, судың ағу бағыты мен жинақталу аймақтарын модельдеу;
- Су тасқыны қаупі жоғары аумақтарды анықтап, қауіпті аймақтардың картасын әзірлеу.

Зерттеу нысаны: Жайық өзені алабында орналасқан аумақтардағы табиғи гидрологиялық процестер және су тасқынының кеңістіктік таралуы.

Жұмыстың практикалық маңыздылығы: Зерттеу нәтижелері су тасқыны қаупін болжау, қауіпті аймақтарды карталау, аумақтарды жоспарлау және төтенше жағдайлардың алдын алу шараларын әзірлеу барысында

қолдануға жарамды. Алынған материалдар жергілікті атқарушы органдар, экология және су ресурстарын басқару салалары үшін практикалық маңызға ие.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. 2023, 2024, 2025 жылдар аралығына қашықтықтан зондтау деректері негізінде Жайық өзені бойындағы су тасқыны динамикасы анықталды. Су тасқынының кеңістіктік таралуын анықтау үшін SRTM негізіндегі жергілікті жердің сандық моделі (ЖЖСМ) мен TIN моделі құрылып, өңірдің жер бедері құрылымы талданды. Гидрологиялық модельдеу нәтижелері ЖЖСМ және TIN деректерімен интеграцияланып, Нәтижесінде өңірдің су тасқыны қаупі жоғары аумақтарын көрсететін карта жасалды.

Жұмыстың құрылымы мен көлемі: Диссертациялық жұмыс кіріспеден, 3 тараудан, қорытындыдан және 32 пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, 55 беттен, 27 суреттен және 1 кестеден тұрады.

1 Табиғи құбылыстар мен процестерді зерттеудің теориялық негіздері

1.1 Табиғи құбылыстар мен процестердің географиялық мәні

Табиғи құбылыстар мен процестер географиялық қабықтың құрамдас бөліктері арасындағы өзара байланыстардың нәтижесінде қалыптасып, кеңістікте белгілі бір заңдылықтармен таралады. Олар атмосфералық, гидрологиялық, геоморфологиялық және биосфералық компоненттердің бірлескен әрекетінің көрінісі болып табылады. География ғылымында табиғи процестерді зерттеу аумақтың физикалық-географиялық ерекшеліктерін, табиғи жағдайлардың динамикасын және олардың адам қызметімен өзара ықпалын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Табиғи процестердің ішінде гидрологиялық құбылыстар, әсіресе су тасқыны, кеңістіктік тұрғыда маңызды орын алады. Су тасқыны өзен алаптарында су балансының бұзылуы, жауын-шашынның мол түсуі, қардың жедел еруі және жер бедерінің морфологиялық ерекшеліктері әсерінен қалыптасады. Бұл құбылыс өзен аңғарлары мен жайылмаларында уақытша су басу аймақтарының пайда болуына әкеліп, табиғи ландшафттардың құрылымын өзгертеді. Осы тұрғыда жер бедері табиғи ағынның бағытын, жылдамдығын және су жинақталу аумақтарын айқындайтын негізгі географиялық фактор ретінде қарастырылады [1,2].

Жер бедерінің биіктік айырмашылықтары мен еңістік сипаттамалары су қозғалысының кеңістіктік құрылымын анықтай отырып, гидрологиялық процестердің бағыты мен қарқындылығына тікелей ықпал етеді. Төмен орналасқан аумақтар мен өзен аңғарлары су жинақталуға бейім болса, еңістік аймақтарда ағынның жылдамдығы жоғары болады. Сондықтан жер бедерін сандық тұрғыда талдау табиғи процестерді зерттеудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Осы мақсатта жер бедерінің цифрлық модельдері табиғи құбылыстарды кеңістікте сипаттаудың тиімді құралы ретінде кеңінен қолданылады.

Табиғи процестердің географиялық мәні олардың уақыт бойынша өзгергіштігімен де сипатталады. Су тасқыны сияқты құбылыстар маусымдық және жылдық динамикаға ие болып, климаттық жағдайлармен тығыз байланыста дамиды. Бұл өзгерістерді дәстүрлі далалық бақылаулармен қатар қашықтықтан зондтау деректері арқылы бақылау табиғи процестердің кеңістіктік-уақыттық заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Осылайша табиғи құбылыстарды зерттеу тек сипаттамалық емес, сонымен қатар талдамалық және болжамдық сипат алады.

Қазіргі кезеңде табиғи процестердің географиялық мәні олардың әлеуметтік-экономикалық салдарымен де тығыз байланысты. Су тасқыны елді мекендерге, ауыл шаруашылығы алқаптарына және инфрақұрылымға әсер етіп, аумақтың тұрақты дамуына қауіп төндіреді. Сондықтан табиғи құбылыстарды географиялық тұрғыда зерттеу олардың таралу аймақтарын анықтауға, қауіпті

деңгейін бағалауға және алдын алу шараларын ғылыми негізде жоспарлауға мүмкіндік береді. Бұл табиғи процестерді басқару мен тәуекелдерді төмендету бағытында география ғылымының қолданбалы маңызын арттырады.

Қазіргі әлемдегі қоршаған ортаның тұрақсыз дамуының негізгі себептері табиғи апаттар, өндірістік апаттар және экологиялық апаттар болып табылады. Апат-бұл адамның, материалдық, экономикалық немесе экологиялық шығындар мен әсерлердің кең таралуына әкелетін қоғамдастықтың немесе қоғамның жұмысының елеулі бұзылуы, бұл зардап шеккен қоғамдастықтың немесе қоғамның өз ресурстарын пайдалану қабілетінен асып түседі.

Адамзат қауіптің үш түрімен бетпе-бет келеді, атап айтқанда: табиғи, техногендік және әлеуметтік-табиғи қауіптер. Табиғи апаттар адамның бақылауынан тыс, сондықтан біз оларға бейімделуіміз керек. Антропогендік апаттар адамның әсер ету аймағында болғанымен, олар әлі де орын алады өйткені сақтық көбінесе ашкөздікке немесе ақымақтыққа шегінеді. Алдын алу салдарын жоюдан гөрі жақсы.

Табиғи құбылыстардан туындайтын қауіптер бар. Олардың метеорологиялық, геологиялық немесе тіпті биологиялық шығу тегі бар. Табиғи апаттардың мысалдары дауыл, су тасқыны, жер сілкінісі және жанартау атқылауы болып табылады, олардың шығу тегі ерекше.

Олардың әсері жануарлардың көші-қонына, олардың санының азаюына және жиі өліміне әсер етеді. Бұл жағдайлардың алдын алу мүмкін емес. Сіз оларға тек дайындала аласыз.

Адамның немқұрайлылығымен байланысты қауіптер бар. Техногендік қауіптер өнеркәсіппен немесе энергия өндіретін қондырғылармен байланысты және жарылыстарды, улы қалдықтардың ағуын, ластануды, бөгеттердің бұзылуын қамтиды.

Олар қауіпсіздік ережелерін бұзу, соғыстар немесе азаматтық тәртіпсіздіктер нәтижесінде пайда болады. Көбінесе бұқаралық іс-шаралар кезінде адамның табиғаты мен өміріне зиян келтірілуі мүмкін. Қауіптер тізімі кең. Кейбір антропогендік апаттар жиі кездеседі, ал басқалары сирек кездеседі.

Көшкіндер, су тасқыны, құрғақшылық, өрттер әлеуметтік-табиғи қауіп болып табылады, өйткені олардың себептері табиғи және техногендік сипатта болады. Мысалы, су тасқыны нөсер жаңбырдан, көшкіннен немесе кәсіпорындардың қалдықтарымен ағынды сулардың бітелуінен туындауы мүмкін.

Әлем халқының тез өсуі және оның қауіпті ортада шоғырлануының жоғарылауы табиғи апаттардың жиілігін де, ауырлығын да арттырды. Жаһандық жылыну, жердің сарқылуы, ормандардың жойылуымен, халықтың өсуімен және басқарудың тиімді әдістерінің болмауымен бірге табиғи апаттарға бейім аймақтарды одан да осал етеді. Тиімсіз коммуникациямен және апаттардың алдын алудың тиімді әдістерінің болмауымен бірге көптеген елдер табиғи апаттардан азды-көпті зардап шегеді. Дауыл, су тасқыны, тау-кен жұмыстарындағы адам әрекеті, маңызды экожүйелердің жойылуы, табиғатты

қорғау заңнамасының бұзылуы сияқты табиғи апаттар көбінесе адамның бақылауынан тыс себептердің салдары ретінде түсіндіріледі[3].

Зиян (тікелей, жанама) әрқашан табиғи немесе бағаланады және іс жүзінде бағаланған салдарды білдіреді. Тікелей залал-әлеуметтік саланың, халықтың, барлығының шығындары мен шығындары экономикалық құрылымдар, қоршаған табиғи орта, ҚҚ әрекет ету аймағына түскен. Олар негізгі құралдардың қайтарылмайтын шығындарынан тұрады, табиғи ресурстардың бағаланған шығындары және осы шығындардан туындаған шығындар (мысалы, кәсіпорындардың пайда тапшылығы, мемлекет салықтар және т.б.), адамдардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян. Жанама залал-бұл ҚҚ және ТЖ қолданылу аймағына кірмеген экономика объектілері шеккен шығындар, шығындар және қосымша шығындар, әлеуметтік сала, халық, сондай-ақ қалыптасқан өзара байланыс құрылымындағы бұзушылықтар мен өзгерістерден туындаған әлеуметтік бағдарламаларға, зардаптарды жоюға және жағдайды қалыпқа келтіруге қосымша шығындар.

ТЖ осы күрделі құбылыстарды олардың табиғаты мен қасиеттерінің әртүрлі сипаттамалық жақтарынан сипаттайтын белгілердің едәуір санына қарай жіктелуі (жүйеленуі) мүмкін. Практикалық мақсаттар үшін төтенше жағдайлардың негізінде жатқан ТЖ түрлері мен түрлері бойынша ТЖ-ның жалпы жіктелуі неғұрлым орынды. Мұндай жіктеу болып табылады ең жалпылама, өйткені ол ТЖ кезінде пайда болатын негізгі құбылыстардың мәні мен сипатын ашады. Жалпы жіктеу барлық төтенше жағдайларды келесі топтарға бөледі:

- техногендік сипаттағы ТЖ;
- табиғи ТЖ;
- биологиялық-әлеуметтік сипаттағы ТЖ.

Пайда болғаннан кейінгі кез-келген төтенше жағдай, ең алдымен, ауқымы мен салдарымен сипатталады. Кеңістіктік масштаб ТЖ аймағының көлеміне байланысты. Төтенше жағдай аймағы-бұл төтенше жағдай көзінің пайда болуы және оның салдарының басқа аудандардан таралуы нәтижесінде ТЖ пайда болған аумақ немесе акватория. ТЖ уақытша ауқымы қалпына келтіру мерзімдерімен сипатталады шығын, жағдайды қалыпқа келтіру және толық қалпына келтіру.

Ақпараттық іс-шаралар тобы (мониторинг, радиациялық, химиялық заттарды болжау, анықтау және бағалау, биологиялық және басқа жағдайлар) жинауға тікелей байланысты, халықты қорғауды қамтамасыз ету бойынша негізделген шешімдерді ТЖБ басқару органдарының уақтылы қабылдауы үшін қажетті ақпаратты өңдеу, талдау, көрсету және түсіндіру және аумақтар. Бұл іс-шаралар ақпараттық қамтамасыз етуді құрайды қорғау.

Мониторинг (лат. monitor - "бақылаушы") қауіпті процестер және құбылыстар (бұдан әрі — мониторинг) - тұрақты (тұрақты) қауіпті процестер туралы ақпаратты бақылау, Бақылау, жинау және талдау және құбылыстар, сондай-ақ олардың қалыптасуы мен дамуын анықтайтын факторлар. Әр түрлі ақпараттық жүйелерден айырмашылығы (автоматтандырылған басқару,

автоматты реттеу және т.б.) мониторинг жүйелерінің міндеттері тек ақпарат алумен шектеледі және, әдетте, басқару мәселелерін қозғамайды [4,5].

- мониторинг мынадай негізгі бағыттарды қамтиды қызметі: әсер етуші факторларды бақылау;

- объектілердің және табиғи ортаның нақты жай-күйін бағалау;

- табиғи орта мен объектілердің жай-күйін болжау.

Осылайша, мониторинг-бұл табиғи орта мен объектілердің жай-күйін бақылау, бағалау және болжау жүйесі. Мониторинг табиғи және техногендік болып бөлінеді. Кез келген мониторингтің негізгі мақсаты-уақтылы әзірлеу үшін ақпарат алу және ТЖ туындауының алдын алу бойынша іс-шаралар өткізу. ТЖ туындаған жағдайда мониторинг күштері мен құралдары пайдаланылады уақыт бойынша жағдайдың дамуын бақылау және талдау үшін (осы мақсатта жүргізілген барлаумен қатар).

1.2 Су тасқынының қалыптасу факторлары және оның аумақтық ерекшеліктері

Төтенше жағдайлардың табиғи көздері деп әдетте литосфераның, гидросфераның, атмосфераның белгілі бір бөліктерінің адамдарға және Техносфера объектілеріне қауіп төндіретін процесі, қасиеті немесе күйі түсініледі, яғни. ауытқатын табиғи процестер мен құбылыстар адамдардың өмірі үшін оңтайлы табиғи ортаның жағдайы. Олардың ішіндегі ең қауіптісі табиғи апаттар (SB) деп аталады. Адамзат жер сілкінісі, жанартау атқылауы, су тасқыны, дауыл, дауыл, торнадо, дауыл сияқты СБ-дан зардап шегеді, қатты боран, сел, көшкін, карст құбылыстары, қар көшкіні мен қар көшкіні, құлау, аяз, құрғақшылық, орман өрттері, цунами, дауыл, эпидемия, эпизоотия, эпифитотия және т. б.

Қазіргі уақытта табиғи апаттардың көптеген жіктелімдері бар. ТЖМ - де жіктеу қабылданды, оның негізінде себептер қауіпті табиғи құбылыстардың пайда болу шарттары. Осыған сәйкес бұл жіктеу арқылы қауіпті табиғи құбылыстар бөлінеді:

1. Геофизикалық қауіпті құбылыстар (жер сілкінісі, жанартау атқылауы).

2. Геологиялық қауіпті құбылыстар (көшкіндер, сел, құламалар, көшкіндер, эрозия және т.б.).

3. Метеорологиялық және агрометеорологиялық қауіпті құбылыстар (дауыл, дауыл, торнадо, қатты жаңбыр, қар, көктайғақ, аяз, қатты ыстық, құрғақшылық және т.б.).

4. Теңіз гидрометеорологиялық құбылыстары (тропикалық циклондар, цунами).

5. Гидрологиялық қауіпті құбылыстар (су тасқыны, кептелу және кептелу, желдің күшеюі, су басу және т.б.).

6. Табиғи өрттер (орман өрттері, шымтезек өрттері, жерасты өрттері жанғыш қазбалардың өрттері және т.б.).

Су тасқыны-нәтижесінде жер бедерінің айтарлықтай су тасқыны өзенде, көлде, су қоймасында немесе теңізде су деңгейінің көтерілуі экономикаға, әлеуметтік салаға және табиғи ортаға материалдық залал [6].

Су тасқыны өздігінен қауіпті, сонымен қатар көптеген басқа табиғи апаттарды тудырады – көшкіндер, көшкіндер, сел. Ең бірі қорқынышты су тасқыны 1887 жылы Қытайда су болған кезде болды Хуанхэ өзені бірнеше сағат ішінде ол сегіз қабатты үйдің биіктігіне көтерілді. Нәтижесінде бұл өзен аңғарының шамамен 1 миллион тұрғыны қайтыс болды.

ТЖМ мәліметтері бойынша, су тасқыны қайталануы, ауданы бойынша таралуы, жалпы орташа жылдық залал бірінші орында белгілі табиғи апаттар арасындағы адам шығыны бойынша олар жер сілкінісінен кейін екінші орында тұр.

Су тасқыны мол және қысқа мерзімде шоғырланған су ағынының түсуі нәтижесінде қалыптасады. Мұндай жағдайлар көбінесе қар мен мұздықтардың жаппай еруі, өзен алаптарында ұзақ уақыт бойы жауған нөсерлі жауын-шашын, сондай-ақ өзен арналарында еритін мұздың жиналуы салдарынан пайда болатын мұз кептелістерімен байланысты. Сонымен қатар өзен сағаларында теңізден немесе ірі көлдерден соғатын күшті желдің әсерінен судың жағалауға қарай ығысуы да су деңгейінің күрт көтерілуіне әкелуі мүмкін.



1-сурет – Су тасқынының салдарынан зардап шеккен елді мекен көрінісі

Егер белгілі бір аумақтың су астында қалуы қоршаған ортаға елеулі зиян келтірмесе, мұндай құбылыс өзеннің, көлдің немесе су қоймасының жайылуы ретінде қарастырылады. 1-суретте көрсетілгендей нағыз су тасқыны су ағынының көлемі мен режимінің өзгеруі нәтижесінде қалыптасып, аумақтарға

айтарлықтай экологиялық және шаруашылық шығын келтіретін табиғи құбылыс болып табылады. Өзендердегі су ағынының қалыптасуына жыл мезгілдеріне байланысты қар мен мұздың еруі, жауын-шашын мөлшері және өзен сағаларындағы жел әсері ықпал етеді [6].

Су тасқыны пайда болу себептеріне байланысты бірнеше түрге бөлінеді. Бірінші топқа өзендегі судың жыл сайын белгілі бір маусымда ұлғаюымен байланысты су тасқындары жатады. Екінші топты жауын-шашынның қарқынды түсуі салдарынан қысқа мерзімде қалыптасатын паводоктық су тасқындары құрайды. Үшінші түрі өзен арнасында су ағынына кедергі келтіретін факторлардың әсерінен дамиды, оған мұз кептелістері мен мұздың қайта қатуынан пайда болатын бөгелістер жатады. Төртінші топқа ірі көлдер мен теңіз маңындағы өзен сағаларында желдің әсерінен судың жағалауға қарай ығысуынан туындайтын су тасқындары кіреді.

Өзендегі судың маусымдық ағынымен байланысты су тасқындарының ең кең таралған түрі – половодье болып табылады. Половодье – жыл сайын белгілі бір маусымда қайталанатын, өзен суының көлемі артып, арнадан асып, жайылма аумақтарды су басумен сипатталатын құбылыс. Қоңыржай климаттық белдеуде орналасқан жазық өңірлердегі өзендерде половодье көбінесе көктемгі қардың жаппай еруімен байланысты қалыптасады. Ал бастауын таулы аймақтардан алатын өзендерде бұл процесс жаз мезгілінде қар мен мұздықтардың еруі нәтижесінде байқалады. Мұндай су тасқындары су деңгейінің айтарлықтай әрі салыстырмалы түрде ұзақ уақыт бойы жоғары болуымен ерекшеленеді.

Тасқын есебінен қалыптасатын су тасқындары су деңгейінің кенеттен, қысқа мерзімде және жүйесіз көтерілуімен сипатталады. Паводок көбінесе қар мен мұздықтардың жылдам еруі немесе нөсерлі жауын-шашынның мол түсуі нәтижесінде пайда болады. Күшті паводок жағдайында өзендегі су көлемі күрт артып, аумақтардың су астында қалуына әкелуі мүмкін. Бұл типтегі су тасқындары су деңгейінің қарқынды, бірақ салыстырмалы түрде қысқа уақыт ішінде жоғарылауымен ерекшеленеді [7].

Өзен арнасында су ағынына кедергінің артуы нәтижесінде пайда болатын су тасқындары мұз кептелістері мен мұз бөгелістеріне байланысты қалыптасады. Мұз кептелісі өзен арнасында мұз массасының жиналып, судың еркін ағуына тосқауыл қоюы нәтижесінде туындайды. Әдетте мұндай құбылыс қыстың соңында және көктемгі өзендердің мұздан арылу кезеңінде байқалады. Мұз кептелістері көбінесе оңтүстіктен солтүстікке қарай ағатын өзендерде жиі кездеседі, себебі мұндай жағдайда төменгі ағыста мұз ертерек қозғалып, жоғары бөліктен келген мұз массасының жиналуына жағдай жасайды.

Мұз бөгелісі мұз кептелісіне ұқсас болғанымен, ол өзендерде қыс мезгілінің басында байқалады. Бұл құбылыс мұз жамылғысының қалыптасу кезеңінде, өзен арнасында борпылдақ мұз бен ұсақ мұз кесектерінің жиналуынан пайда болады. Мұндай мұз массасы қалыптасқан мұз жамылғысының астына тартылып, судың еркін ағуын шектейді. Соның салдарынан өзеннің жоғары ағысында су деңгейі көтеріледі. Мұз бөгелістерінің

жиілігі мен су деңгейінің көтерілу шамасы бойынша Ангара мен Нева өзендері ерекше атап өтіледі.

Осылайша, су тасқынының қалыптасу себептері мен түрлерін, олардың кеңістіктік таралу заңдылықтарын және салдарының ауқымын талдау бұл табиғи құбылыстың көпфакторлы сипатын айқын көрсетеді [8]. Су деңгейінің көтерілу биіктігі мен ұзақтығы, су ағысының жылдамдығы, жер бедерінің морфологиялық ерекшеліктері және климаттық жағдайлар су тасқыны қаупінің қалыптасуында шешуші рөл атқарады. Сонымен қатар, халықтың қоныстану тығыздығы мен шаруашылық игеру деңгейі бұл құбылыстың әлеуметтік-экономикалық әсерін күшейте түседі. Осы факторларды кешенді түрде ескеру су тасқыны қаупін ғылыми негізде бағалауға және қауіпті аймақтарды дәл анықтауға мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, табиғи процестерді зерттеуде заманауи геоақпараттық жүйелер мен қашықтықтан зондау деректерін қолданудың қажеттілігін негіздеп, келесі бөлімде қарастырылатын GIS технологияларының рөлін ашуға алғышарт жасайды.

1.3 Су тасқынының экологиялық және әлеуметтік-экономикалық салдары

Су тасқыны салдарының ауқымы су деңгейінің қауіпті межеде көтерілу биіктігі мен оның сақталу ұзақтығына, су ағысының жылдамдығына, су басқан аумақтың көлеміне, жыл мезгіліне, сондай-ақ су астында қалатын аумақтағы халықтың қоныстану тығыздығына тікелей байланысты болады. Осы факторлардың жиынтығы су тасқынының экологиялық, әлеуметтік және экономикалық зардаптарының деңгейін айқындайды.

Жел әсерінен судың жағалауға қарай ығысуымен байланысты су тасқындары ірі көлдердің жағалауларында және теңіз маңындағы ірі өзендердің сағаларында қалыптасады. Мұндай су тасқындары су айдыны бетіне күшті жел соққанда, судың наветренді жағалауға жиналуынан туындайды және су деңгейінің едәуір көтерілуіне себеп болады.

Жоғарыда аталған су тасқыны түрлері ауқымы мен келтіретін материалдық шығын көлеміне қарай бірнеше санатқа бөлінеді. Төмен деңгейдегі (шағын) су тасқындары негізінен жазық өзендерде байқалады және олардың қайталану жиілігі шамамен 5–10 жылда бір ретке сәйкес келеді. Мұндай су тасқындары елеулі материалдық шығын келтірмейді және халықтың қалыпты өмір сүруіне айтарлықтай әсер етпейді.

Жоғары деңгейдегі (ірі) су тасқындары кең аумақтарды су астында қалдырып, өзен аңғарларының үлкен бөлігін қамтиды. Бұл жағдайда халықтың тіршілік әрекеті бұзылып, кейбір елді мекендерде тұрғындарды уақытша көшіру қажеттілігі туындайды. Мұндай су тасқындарының қайталану жиілігі шамамен 20–25 жылда бір рет байқалады [9,10].

Ерекше ірі су тасқындары өте кең аумақтарды су басып, шаруашылық қызметтің толық немесе ішінара тоқтауына алып келеді. Бұл жағдайда материалдық шығын көлемі айтарлықтай артып, халықты жаппай эвакуациялау

қажеттілігі туындайды. Мұндай су тасқындары, әдетте, 50–100 жылда бір рет қайталаанады.

Апаттық су тасқындары бір немесе бірнеше өзен жүйелері шегінде өте ауқымды аумақтардың су астында қалуымен сипатталады. Су басқан аймақтарда адам өмірінің барлық салалары дерлік тоқтап, ірі материалдық шығындар мен адам шығыны орын алуы мүмкін. Мұндай су тасқындары өте сирек кездесіп, шамамен 100–200 жылда бір рет тіркеледі.

Су тасқыны салдарынан болатын шығындарды азайту мақсатында әртүрлі қорғаныс шаралары қолданылады. Су тасқынынан қорғау шаралары мазмұны мен іске асырылу сипатына қарай жедел (оперативтік) және техникалық (алдын алу) шараларға бөлінеді. Жедел шаралар қатарына су тасқыны кезінде судың ең жоғары деңгейін алдын ала болжау, қауіпті деңгейлер туралы дер кезінде хабарлау, халықты және материалдық құндылықтарды қауіпсіз аумақтарға көшіруді ұйымдастыру сияқты іс-қимылдар жатады [11].

Су тасқынының зақымдаушы факторлары мен оның салдарынан қорғануды ұйымдастырудың негізгі шарты – бұл құбылысты алдын ала болжау болып табылады. Осы мақсатта гидрологиялық болжамдар пайдаланылады. Гидрологиялық болжам – су тасқынының дамуын, сипатын және ауқымын ғылыми негізде алдын ала анықтауға бағытталған болжау түрі. Мұндай болжамда өзендегі белгілі бір гидрологиялық құбылыстардың шамамен басталу уақыты, мысалы, өзеннің мұздан арылуы немесе қатуы, половодьенің күтілетін ең жоғарғы деңгейі, жоғары су деңгейінің сақталу ұзақтығы, мұз кептелісінің пайда болу ықтималдығы сияқты көрсеткіштер қамтылады.

Гидрологиялық болжамдар уақыттық қамтуына қарай қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болып бөлінеді. Қысқа мерзімді болжамдар, әдетте, 10–12 тәулікке дейінгі кезеңді қамтыса, ұзақ мерзімді болжамдар 2–3 айға немесе одан да ұзақ уақытқа жасалады. Сонымен қатар, болжамдар кеңістіктік қамту деңгейіне қарай жекелеген өзен учаскелері мен су айдындарына арналған жергілікті болжамдар және кең аумақты қамтитын, құбылыстың шамасы мен мерзімі жөнінде жинақталған ақпарат беретін аумақтық болжамдар түрінде әзірленеді [12].

Жедел (оперативтік) шаралар су тасқынының жалпы қауіпін толық шешпейді және оларды техникалық алдын алу шараларымен кешенді түрде жүргізу қажет. Техникалық шаралар алдын алу сипатында болып, оларды жүзеге асыру үшін арнайы инженерлік құрылыстарды алдын ала салу қажет, бұл айтарлықтай материалдық және қаржылық шығындарды талап етеді.

Техникалық іс-шаралар кешенінде қорғаудың белсенді және пассивтік әдістері ажыратылады. Белсенді шараларға мыналар жатады:

- өзен арнасындағы судың ағынын реттеу;
- тасқын суды арнаға бағыттау;
- су жинау алаптарында беттік судың ағынын реттеу;
- өзендердегі мұз жамылғысын алдын ала бұзу.

Су тасқындарына қарсы негізгі бағыт – өзендегі судың ең жоғары ағынын азайту арқылы судың ағымын уақыт бойынша қайта бөлу. Мұны жүзеге асыру

үшін максималды су ағынын су қоймалары арасында қайта бөлу, өзен алаптары арасындағы суды бағыттау немесе өзен жүйесі ішінде ағынды қайта тарату әдістері қолданылады.

Жедел су тасқыны кезінде судың ағынын реттеу үшін орта және ірі өзендерде су қоймалары қолданылады. Бұл мақсатта екі негізгі түрдегі су тасқынына қарсы жинақтағыштар пайдаланылады: реттелетін типтегі су қоймалары және жедел су тасқынын автоматты ұстайтын су қоймалары.

Реттелетін типтегі су қоймаларында қақпалар орнатылған, олар өзен төменгі бөлігінде су көтерілуі қарқындылығы критикалық деңгейге жеткенде жабылады, ал су деңгейі қалыпқа келген соң қайта ашылады. Ал автоматты ұстайтын су қоймаларының шығу жағында арнайы су төгетін құрылымдар орнатылады. Бұл құрылымдар қалыпты су ағынын өткізуге жеткілікті, бірақ артық суды өткізбейді. Жедел су тасқыны кезінде мұндай су қоймасының шығу ағыны тұрақты болып, қалған уақытта су мөлшері су қоймасына келіп түсетін судың көлеміне байланысты өзгереді [13].

Жедел су тасқынын арнадан шығару үшін су төгетін арналар бойымен бағыттау әдісі қолданылады. Сонымен қатар, өзен аңғарлары, балшықтар мен аңғарларда жасалған тоғандар, суқоймалар және басқа да жасанды су жинақтағыш құрылымдар еріген қар мен жауын-шашын сударын тоқтату немесе сақтау мақсатында айтарлықтай тиімділік береді.



2-сурет – Су қоймаларындағы қорғаныс қабырғалары

Су тасқындарына қарсы бөгеттер мен қорғаныс қабырғалары – бұл гидротехникалық құрылыстар, олар салынған аумақтарды су тасқынынан қорғауға арналған. Бөгеттер – бұл тұтас жерден жасалған насыптар, олар

ғасырлар бойы қолданыста болып келеді. 2-суретте көрсетілген қорғаныс қабырғалары бөгеттерден әлдеқайда кейін пайда болды; олар әдетте бетоннан салынып, құрылыс дамыған аймақтарда орнатылады, өйткені насып жасауға жер жетіспейді. Көп жағдайда мұндай құрылыстардың жанында насос станциялары орналасады, олар судың жиналуын және басқа ағынды суларды канализация арқылы айдап шығару үшін су тасқындары кезінде пайдаланылады.

Аумақты су басудан қорғау үшін екі типтегі бөгеттер қолданылады: суға толмайтын және суға толатын дамбалар.

Суға толмайтын бөгеттер қалалық және өндірістік аумақтарды, сондай-ақ су қоймалары, өзендер мен басқа да су айдындарына жақын жерлерді тұрақты қорғау үшін қолданылады.

Суға толатын бөгеттер ауыл шаруашылығы жерлерін белгілі бір уақытқа, яғни егіндік өсімдіктерді өсіру кезеңінде уақытша қорғауға арналған. Сонымен қатар, олар өзен арналарын және жағалауларды қалыптастыру мен тұрақтандыру, су ағындарын және беттік судың ағымын реттеу және қайта бөлу мақсатында пайдаланылады [14].

Жедел және техникалық шаралардың кешенді түрде үйлестірілуі судың ағынын тиімді басқаруға және қауіпті деңгейлерді төмендетуге мүмкіндік береді. Су қоймалары, бөгеттер және қорғаныс қабырғалары сияқты инженерлік құрылыстар табиғи процестер мен географиялық ерекшеліктерді ескере отырып салынуы қажет. Сонымен қатар, алдын ала гидрологиялық болжам жасау мен судың ағымын бақылау бұл шаралардың тиімділігін арттырады.

Су тасқындарынан қорғау үшін бөгеттер мен қорғаныс қабырғалары қолданылады. Бөгеттер – жерден үйілген гидротехникалық құрылыстар, ал қорғаныс қабырғалары көбіне бетоннан салынып, тығыз құрылысты аймақтарда пайдаланылады. Бөгеттер суға толмайтын және суға толатын болып бөлінеді. Олар қалалар, өндіріс орындары және ауыл шаруашылығы жерлерін қорғауға арналған. Инженерлік құрылыстарды дұрыс жоспарлау мен су ағынын бақылау тасқын қаупін азайтады.

Су тасқынынан қорғау үшін бөгеттер, қорғаныс қабырғалары, насос станциялары және дренаж жүйелері қолданылады. Бөгеттер жерден үйіліп салынады және суға толмайтын, суға толатын болып бөлінеді: біріншісі қалалық және өндірістік аумақтарды тұрақты қорғауға, ал екіншісі ауыл шаруашылығы жерлерін уақытша қорғауға арналған. Қорғаныс қабырғалары көбіне бетоннан салынып, жер тығыз орналасқан қалалық аймақтарда тиімді. Су тасқыны көбіне көктемде қардың тез еруі, нөсер жаңбыр және мұз кептелістері салдарынан болады, сондықтан гидрологиялық болжам жасау, су деңгейін тұрақты бақылау және құрылыстарды уақтылы күтіп ұстау маңызды. Сонымен қатар, дренаж және су бұру жүйелері, табиғи қорғаныс шаралары мен төтенше жағдайлар жоспарлары су тасқыны қаупін азайтуға мүмкіндік береді.

Бірінші тарау бойынша тұжырым

Бірінші тарауда табиғи су тасқыны құбылыстарының себептері, түрлері, олардың таралу заңдылықтары мен әлеуметтік-экономикалық әсерлері жан-жақты қарастырылды. Су тасқынының пайда болуына қар мен мұздықтардың еруі, жауын-шашынның мол түсуі, өзен арнасындағы мұз кептелістері, сондай-ақ желдің әсерінен судың жағалауға ығысуы сияқты табиғи факторлар тікелей ықпал ететіні анықталды. Сонымен қатар, су тасқынының салдары су деңгейінің биіктігі мен ұзақтығына, ағын жылдамдығына, су басқан аумақтың көлеміне, жыл мезгіліне және халық тығыздығына байланысты өзгеретіндігі көрсетілді. Бұл деректер өзен алаптарындағы табиғи процестер мен олардың географиялық мәнін ғылыми тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді.

Су тасқынына қарсы іс-шаралардың тиімділігі олардың кешенді қолданылуына тәуелді екені белгілі болды. Жедел (оперативтік) шаралар су деңгейінің қауіпті межелерін алдын ала болжау, қауіпті аймақтардағы тұрғындарды ескерту және эвакуациялау арқылы қысқа мерзімдегі қауіпті азайтса, техникалық шаралар – дамбалар, қорғаныс қабырғалары, су қоймалары және ағындарды реттеу құрылымдары – ұзақ мерзімді қорғауды қамтамасыз етеді. Белсенді техникалық шаралар судың ағымын уақыт бойынша қайта бөлу, су төгетін арналарды ұйымдастыру және мұз кептелісін алдын ала бұзу сияқты әдістерді қамтиды. Пассивтік шаралар, мысалы, суға толмайтын дамбалар қалалық және өндірістік аумақтарды тұрақты қорғауға, ал суға толатын дамбалар ауыл шаруашылығы жерлерін уақытша қорғауға арналған.

Су қоймалары мен бөгеттер арқылы судың ағымын реттеу әдістері өзендердің орта және ірі ағындарын тиімді басқаруға мүмкіндік береді. Реттелетін типтегі су қоймалары судың максималды ағынын бақылауға, автоматты ұстайтын су қоймалары – артық суды сүзуге және тұрақты шығу ағынын сақтауға арналған. Сонымен қатар, тоғандар мен жергілікті жинақтағыштар еріген қар мен жауын-шашын сударын уақытша тоқтату арқылы су тасқынының әсерін азайтуға септігін тигізеді.

Осылайша, бұл тарау табиғи су тасқыны процестерін зерттеудің теориялық негізін қалыптастырып, гидрологиялық болжамдарды жасау және GIS технологиялары арқылы қауіпті аймақтарды бағалау қажеттілігін нақты көрсетті. Алынған деректер мен қорытындылар келесі бөлімде қарастырылатын геоақпараттық жүйелер мен қашықтықтан зондтау әдістерін қолдану арқылы су тасқыны қаупін ғылыми тұрғыда модельдеу және карталау үшін негіз болады.

Су тасқынына қарсы іс-шаралардың тиімділігі жедел және техникалық шаралардың кешенді түрде қолданылуына байланысты. Жедел шаралар су деңгейін болжау, тұрғындарды ескерту және эвакуациялау арқылы қысқа мерзімді қауіптерді азайтса, техникалық шаралар (дамбалар, қорғаныс қабырғалары, су қоймалары, ағындарды реттеу құрылымдары) ұзақ мерзімді қорғауды қамтамасыз етеді.

2 Табиғи процестерді GIS және қашықтықтан зондтау әдістері арқылы зерттеу

2.1 Геоақпараттық жүйелердің табиғи процестерді зерттеудегі рөлі

Қазіргі заманда экологиялық мәселелер адамзат алдында тұрған ең өзекті жаһандық сын-қатерлердің бірі болып табылады. Қоршаған ортаның жай-күйін және ондағы өзгерістерді дұрыс түсіну мен бағалау үшін уақтылы әрі тиімді зерттеу әдістерін қолдану аса маңызды. Соңғы онжылдықтарда Жерді қашықтан зондтау экологиялық зерттеулердің маңызды құралына айналып, экожүйелердің жағдайы мен олардың өзгерістеріне қатысты жоғары кеңістіктік және уақыттық дәлдікпен құнды ақпарат алуға мүмкіндік беріп отыр.

Экологиялық зерттеулердің негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:

- қоршаған ортаның жалпы жағдайын бақылау;
- сыртқы ортаның қазіргі күйі мен ластану деңгейі жөнінде ақпараттық деректер базасын қалыптастыру;
- антропогендік әсер факторларына кең ауқымды мониторинг жүргізу;
- табиғи ортаның жағдайындағы өзгерістердің даму үрдістерін болжау;
- адам әрекетінің ықпал көздерін анықтау және оларды жүйелі түрде бақылауды ұйымдастыру;
- табиғи апаттар мен техногендік аварияларды болжау және бақылау [15,16].

Жерді қашықтан зондтау әдістері экожүйелердің жай-күйі мен динамикасы туралы ақпарат алуға, өсімдік жамылғысындағы, су ресурстарындағы, топырақтағы және қоршаған ортаның өзге де компоненттеріндегі өзгерістерді анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл әдістер биологиялық әртүрлілікті бағалауға және экологиялық қауіп-қатерлерді ерте кезеңде айқындауға ықпал етеді. Мұның барлығы экологиялық үдерістерді тереңірек түсінуге, ұзақ мерзімді үрдістерді анықтауға және қоршаған ортаны қорғау мен тұрақты дамуға бағытталған негізделген шешімдер қабылдауға жағдай жасайды.

